


FTAMP 10.81.41

<https://doi.org/10.26577/JAPJ1171202613>

Г.Ж. Османова* , Ж.Ю. Сайлибаева ,
Э.П. Кенжибекова , Б.Х. Толеубекова 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: gulaina.78@mail.ru

ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ҚҰМАР ОЙЫНДАР: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАУІП ФАКТОРЛАРЫ, ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ШЕКТЕУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ТЕТІКТЕРІ

Құмар ойындардың цифрлануы, онлайн-букмекерлік сервистер мен мобильді қосымшалардың кеңеюі кәметке толмағандардың онлайн-гемблингке тартылу тәуекелін күшейтіп, бұл құбылысты құқықтық реттеу және қоғамдық қауіпсіздік тұрғысынан өзекті мәселе ретінде алға шығарады. Талдау нәтижелері Қазақстанда құмар ойын саласының базалық құқықтық қаңқасы және заңсыз онлайн-сегментке қарсы мониторинг пен бұғаттау тетіктері қалыптасқанын көрсетті, алайда онлайн ортаның шекарааралық сипаты, төлемдердің жеделдігі, анонимділік, «айна сайттар» мен техникалық айналып өту мүмкіндіктері бұл шаралардың тұрақты тиімділігін шектейді. Ең осал буын ретінде жасқа байланысты верификация (age verification/KYC) стандарттарының жеткілікті біріздендірілмеуі және жаңа медиа кеңістіктегі маркетинг ықпалы (әлеуметтік желідегі кіріктірілген жарнама, инфлюенсерлік интеграциялар, спорт контентімен байланысқан промо, бонус-акциялық ынталандыру) айқындалды.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстанда жасөспірімдерді онлайн-гемблингтен қорғауға қатысты қолданыстағы құқықтық механизмдерді кешенді талдап, қолжетімділікті шектеу және превенция шараларының тиімділігі мен осал тұстарын айқындау, сондай-ақ шетелдік және ТМД елдерінің тәжірибесімен салыстыру арқылы реттеуді жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген қорытындылар ұсыну.

Зерттеудің әдіснамалық негізін формальды-құқықтық, жүйелік және салыстырмалы-құқықтық әдістер, сондай-ақ уәкілетті органдардың ресми жарияланымдарына сүйенген құқық қолдану тәжірибесін талдау құрады.

Мақаланың ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы кәметке толмағандарды қорғау мәселесін тек моральдық-әлеуметтік проблема ретінде емес, цифрлық дәуірдегі құқықтық қауіпсіздік және реттеу тиімділігі мәселесі ретінде қарастыруымен айқындалады.

Бұл зерттеуді «Қазақстандағы лудоманияны интегративті зерттеу және оны азайтудың көпсалалы стратегиялары» тақырыбында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (№ BR24992927 бағдарлама).

Түйін сөздер: жасөспірімдер, онлайн-гемблинг, лудомания, қолжетімділікті шектеу, жасқа верификация, құқықтық реттеу, жарнама, превенция.

G.Zh. Osmano^{*}, Zh.Y. Sailibayeva,
E.P. Kenzhibekova, B.Kh.Toleubekova

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: gulaina.78@mail.ru

Adolescents and online gambling: risk factors, access restrictions measures and protective mechanisms in Kazakhstan

The digitalization of gambling and the rapid expansion of online betting services and mobile applications increase the risk of minors' involvement in online gambling, making this phenomenon a pressing issue for legal regulation and public safety. The findings indicate that Kazakhstan has established a basic legal framework for the gambling sector and applies monitoring and blocking mechanisms against the illegal online segment; however, the cross-border nature of the online environment, fast payments, anonymity, mirror sites, and technical circumvention tools limit the long-term effectiveness of these measures. Key vulnerabilities include insufficient standardization of age verification (age verification/KYC) and the growing impact of digital marketing in the new media ecosystem (embedded social media advertising, influencer integrations, sports-content-linked promotions, and bonus/offer mechanics).

The aim of this study is to analyze the legal mechanisms in force in Kazakhstan to protect minors from online gambling, assess the effectiveness and vulnerabilities of access-restriction and preventive

measures, and develop evidence-based conclusions for improving regulation through a comparative review of foreign and CIS practices.

The study employs formal-legal, systemic, and comparative legal methods, complemented by an analysis of law-enforcement practice based on official publications of authorized bodies.

The scientific and practical significance of the article is determined by the fact that the problem of protection of minors is considered not only as a moral and social problem, but also as a problem of legal security and regulatory effectiveness in the digital age.

This research is funded by the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan within the framework of the program «Integrative Study of Gambling Addiction in Kazakhstan and Multidisciplinary Strategies for Its Minimization» (Grant № BR24992927).

Keywords: adolescents, online gambling, gambling disorder, access restriction, age verification, legal regulation, advertising, prevention.

Г.Ж. Османова*, Ж.Ю. Сайлибаева,
Э.П. Кенжибекова, Б.Х. Толеубекова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: gulaina.78@mail.ru

Подростки и онлайн-гемблинг: факторы риска, меры ограничения доступа и защиты в Казахстане

Цифровизация азартных игр, расширение онлайн-букмекерских сервисов и мобильных приложений усиливают риск вовлечения несовершеннолетних в онлайн-гемблинг, что делает данное явление актуальной проблемой правового регулирования и общественной безопасности. Результаты показали, что в Казахстане сформирован базовый правовой каркас регулирования игровой сферы и применяются механизмы мониторинга и блокировки нелегального онлайн-сегмента, однако трансграничный характер онлайн-среды, скорость платежей, анонимность, «зеркальные» сайты и технические способы обхода ограничивают устойчивую результативность этих мер. В качестве ключевых уязвимостей выявлены недостаточная стандартизация возрастной верификации (age verification/KYC) и усиливающееся влияние цифрового маркетинга в новой медиасреде (встроенная реклама в соцсетях, интеграции у инфлюенсеров, промо в спортивном контенте, бонусно-акционные механики).

Целью исследования является комплексный анализ действующих в Казахстане правовых механизмов, направленных на защиту несовершеннолетних от вовлечения в онлайн-гемблинг, выявление эффективности и уязвимых аспектов мер по ограничению доступа и профилактике, а также формулирование научно обоснованных выводов по совершенствованию регулирования на основе сопоставления с опытом зарубежных государств и стран СНГ.

Методологическую основу исследования составили формально-юридический, системный и сравнительно-правовой методы, а также анализ правоприменительной практики на базе официальных публикаций уполномоченных органов.

Научно-практическая значимость статьи определяется тем, что проблема защиты несовершеннолетних рассматривается не только как морально-социальная проблема, но и как проблема правовой безопасности и эффективности регулирования в цифровую эпоху.

Данное исследование финансируется Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках программы «Интегративное исследование лудомании в Казахстане и мультидисциплинарные стратегии ее минимизации» (Программа № BR24992927).

Ключевые слова: подростки, онлайн-гемблинг, лудомания, ограничение доступа, возрастная верификация, правовое регулирование, реклама, превенция.

Кіріспе

Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы құмар ойын индустриясының құрылымын түбегейлі өзгертті: онлайн-букмекерлік сервистер, мобильді қосымшалар, төлем жүйелерінің жеделдеуі және әлеуметтік желілердегі агрессивті маркетинг құмар ойындарға қолжетімділікті бұрынғыдан да жеңілдетті. Бұл үдеріс қоғам үшін жаңа тәуекелдер туындатып

отыр, соның ішінде кәмелетке толмағандардың онлайн-гемблингке тартылуы ерекше алаңдаушылық тудырады. Жасөспірімдік кезең психологиялық тұрғыдан импульсивтілікке, тәуекел мінез-құлыққа бейімділікке және әлеуметтік ықпалға сезімталдыққа тән болғандықтан, онлайн ортадағы анонимділік, «жылдам ақша» риторикасы, бонустық ынталандырулар мен ойынға шақыратын контент жас аудитория үшін қосымша қауіп факторына айналады. Мақалада

кәмелетке толмағандарды қорғау үшін реттеуді «тыйым салу + бақылау» тәсілінен экожүйелік «зиянды азайту» моделіне қарай күшейту қажеттігі негізделеді: верификация талаптарын нақтылау, цифрлық жарнаманы реттеуді жаңғырту, заңсыз нарыққа қарсы шараларды төлем арналары мен платформалық комплаенспен толықтыру, сондай-ақ профилактиканы білім беру және әлеуметтік саясат құралдарымен үйлестіру ұсынылады.

Қазақстанда интернет-казино қызметіне тыйым салынғанына қарамастан, онлайн кеңістікте заңсыз платформалардың сақталуы және олардың әртүрлі техникалық тәсілдер арқылы қолжетімді болуы құқық қолдану тәжірибесіне тұрақты қиындықтар әкеледі. Бұған қоса, жарнама мен промоцияның жаңа формалары – инфлюенсерлік интеграциялар, спорт контентімен байланысқан бәс тігу мәдениеті, таргеттелген жарнама – дәстүрлі құқықтық бақылау құралдарының тиімділігін төмендетіп, кәмелетке толмағандарды қорғаудың жаңа құқықтық тетіктерін талап етеді. Осы жағдайларда мемлекет алдында тұрған міндет тек заңнамалық тыйымдарды бекіту емес, оларды онлайн ортада іске асыратын нақты механизмдерді қалыптастыру, құқық қолдану мен профилактика шараларын өзара үйлестіру және тәуекелдерді азайтудың кешенді моделін құру болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің деректік базасын Қазақстан Республикасындағы құмар ойындар саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілер: ойын бизнесін ұйымдастыру мен оған қатысуды шектеуге қатысты негізгі заңнамалық нормалар және интернет-кеңістікте заңсыз құмар ойын қызметін айқындау, шектеу жөніндегі ведомстволық рәсімдер құрады. Қосымша материал ретінде уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми жарияланымдары мен түсіндірмелері, сондай-ақ жасөспірімдер мен онлайн-гемблингке қатысты халықаралық зерттеулер және ТМД авторларының ғылыми еңбектері алынды. Дереккөздер «CyberLeninka» және «E-library» Google Scholar ресурстарының, Scopus базасындағы журналдар мен электрондық кітапханалардың мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылды. Зерттеу кезеңі 2020–2025 жж. аралығын қамтиды.

Зерттеу барысында формальды-құқықтық әдіс арқылы негізгі ұғымдар мен құқықтық шектеулердің мазмұны нақтыланды; жүйелік әдіс

көмегімен кәмелетке толмағандарды қорғауға бағытталған құқықтық тетіктердің өзара байланысы талданды. Салыстырмалы-құқықтық әдіс Қазақстандағы реттеу үлгісін шетелдік және ТМД елдеріндегі тәсілдермен салыстыруға мүмкіндік берді. Құқық қолдану практикасын талдау ресми деректер мен жария есептерге сүйене отырып жүргізілді.

Әдебиеттік шолу

Соңғы жылдары құмар ойын индустриясының цифрлануы (мобильді қосымшалар, онлайн-букмекерлік сервистер, әлеуметтік желілердегі агрессивті промо және бонус модельдері) кәмелетке толмағандарды тәуекелі жоғары топ ретінде айқын көрсетті. Жасөспірімдік кезеңнің психологиялық ерекшелігі – тәуекел мінез-құлыққа бейімділік пен импульсивті шешім қабылдаудың жиілеуі – онлайн ортадағы «қолжетімділік, жылдамдық, анонимділік» факторларымен қосылғанда тәуелді мінез-құлықтың қалыптасуына қолайлы жағдай туғызады. Халықаралық жүйелі шолуларда жасөспірімдер үшін онлайн-гемблингтің заңмен тыйым салынғанына қарамастан таралатыны, ал таралу көрсеткіштері қолданылған өлшеу тәсілдеріне тәуелді болып құбылып шығатыны атап өтіледі. Осы тұста құқық ғылымы үшін өзекті түйін – жасөспірімдерді қорғауда қолжетімділікті шектеу құралдары мен превенция тетіктерінің тиімді құқықтық үлгісін қалыптастыру және оның іске асуын бағалау.

Әдебиеттердегі ортақ тұжырым жасөспірімдердің белгілі бір бөлігінде құмар ойынға қатысу тәуекелді мінез-құлықтың құрамдас бөлігі ретінде көрінетінін және бұл құбылыс әлеуметтік-демографиялық, психологиялық, отбасылық және құрдастар ықпалы сияқты көп деңгейлі факторларға тәуелді екенін көрсетеді. Calado, Alexandre және Griffiths жасөспірімдердегі проблемалық гемблингтің таралуы зерттеулерде айтарлықтай әртүрлі болатынын, бұл көбіне қолданылатын шкалалар мен диагностикалық межелерге байланысты екенін дәлелдеп, сонымен қатар ер балаларда, ерте бастау жағдайында, импульсивтілік пен өзге тәуекел мінез-құлық түрлерімен қатар жүретінін жинақтайды (Calado, 2017, б.399). Montiel және т.б онлайн-гемблингтің жасөспірім психикасы мен әл-ауқатына қауіп төндіретінін негіздей отырып, ең күшті «жүйелік» тәуекел факторларының бірі ретінде онлайн қолжетімділіктің жеңілдігін, цифрлық кеңістіктегі нормализацияны, яғни ойынды «ойын-сауық» әрі «же-

ңіл табыс» ретінде көрсету арқылы қабылдауды қалыптастыратын медиалық орта әсерін көрсетеді (Montiel, 2021, б.748). Бұл құқықтық талдау үшін маңызды қорытындыға әкеледі, р. тәуекел факторларын тек жеке тұлғаның «әлсіздігі» ретінде емес, нарық дизайны және реттеу сапасының нәтижесі ретінде де қарастыру қажет.

Жасөспірімдердегі гемблинг тәуекелін бағалау құқықтық саясаттың тиімділігін өлшеумен тікелей байланысты, өйткені бір елдегі «проблемалық гемблинг» көрсеткіші әртүрлі құралмен өлшенсе, салыстырмалы талдау дәлдігі төмендейді. Осы тұрғыда жасөспірімдерге бейімделген индекстерді валидтеу тәжірибесі маңызды: Turner және т.б. Canadian Adolescent Gambling Index (CAGI) ішіндегі Gambling Problem Severity Subscale көрсеткішін мектеп оқушылары деректерінде тексеріп, өлшемнің психометриялық жарамдылығын талдайды (Turner, 2018, б.522). Мұндай зерттеулердің құндылығы құқықтық превенция шараларын бағалауда қай шкала, қай межелік деңгей қолданылғанын нақтылап, деректерді салыстыруға мүмкіндік беруі деп санаймыз.

Онлайн-гемблингке тартылудың ең ықпалды механизмдерінің бірі – жарнама мен цифрлық маркетинг. Labrador және т.б. PRISMA талаптарымен жасалған жүйелі шолуда жасөспірімдер мен жастардың құмар ойын жарнамасына жиі ұшырайтынын, мұндай экспозиция «қалыпты құбылыс» ретінде қабылдауды күшейтіп, әсіресе осал топтарда тәуекелді арттыратынын жинақтайды (Labrador, 2021, б.149). Guillou-Landreat, т.б. цифрлық маркетингтің дәстүрлі жарнамадан күрделірек екенін көрсетеді, р. әлеуметтік желілер, инфлюенсерлік контент, таргетинг, бонус/акция жүйелері мен «жасырын» жарнама түрлері жас аудиторияны қорғауда реттеуді қиындатады және құқық қолданудың жаңа құралдарын талап етеді (Guillou-Landreat, 2021, б.3). Сондықтан жасөспірімдерді қорғау тек «жас шегі» нормасын бекітумен шектелмей, жарнамаға шектеу, демеушілікке әсіресе спорттық бәс тігуді бақылау, әлеуметтік желідегі промо-контент, жасқа бағытталған таргетингті құқықтық шектеу сияқты құралдармен толыққанды қамтылуы тиіс.

Жасөспірімдермен жұмыс істейтін превенциялық бағдарламалар туралы зерттеулер профилактиканың көпдеңгейлі болғанда ғана тиімді болатынын көрсетеді, р. ақпараттандыру жеткіліксіз, медиасауат, өзін-өзі бақылау дағдылары, ата-ана бақылауы, мектепшілік қолдау және ерте скрининг қатар жүруі керек. Bartolomé-

Moreno жасөспірімдер мен жастарға арналған профилактикалық бағдарламалар бойынша жүйелі шолуда интервенциялар көбіне білім беру ортасында жүргізілетінін, бірқатар бағдарламалардың қате когнитивтік түсініктерді азайту және құмар ойын жиілігін төмендету тұрғысынан оң әсер беретінін, алайда зерттеулер сапасы мен ұзақмерзімді бақылау шектеулі екенін атап өтеді (Bartolomé-Moreno, 2023, б. 3). Құқықтық дискурс үшін бұл нәтиже «превенция тек тыйым салу емес, мінез-құлыққа әсер ететін көп арналы саясат» екенін дәлелдеуге қызмет етеді және заңнамалық шаралар білім беру мен қоғамдық денсаулық механизмдерімен үйлестірілуі керектігін көрсетеді.

Халықаралық тәжірибеде кәметке толмағандарды қорғаудың өзегі – қолжетімділікті азайту және «ықпал ету арналарына» шектеу қою. Бұл кешенге жас верификациясы, жарнамаға шектеу, өнімдік шектеулер (лимиттер, бонустарды реттеу), өзін-өзі шектеу, заңсыз платформаларды бұғаттау және төлем арналарына ықпал ету кіреді. Мұндай құралдар құқықтық тұрғыда «нарық мінез-құлқын» өзгертуге бағытталған, яғни сұраныстың өздігінен жойылмайтынын ескере отырып, тәуекелді төмендететін орта қалыптастыруды көздейді. Қазақстанда құмар ойын саласының базалық құқықтық іргесі «Ойын бизнесі туралы» заңмен бекітілген, онда интернет-казино қызметіне тыйым салу сияқты нормалар да қамтылған (<https://adilet.zan.kz>). Онлайн сегментті бақылауда құқық қолдану рәсімдері маңызды рөл атқарады, р. интернет-ресурстардағы интернет-казино және лицензиясы жоқ шетелдік букмекерлік қызмет белгілерін жүйелі түрде жинау мен талдауға қатысты ведомстволық қағидалар бекітілгені бұл бағыттағы процессуалдық негіздің бар екенін көрсетеді. Практикалық деңгейде уәкілетті органның лицензиясы жоқ интернет-ресурстар тізімін жаңартып отыруы туралы ресми хабарламаларда 2024 жылғы 28 қазанда интернет-казино белгілері бар 1820 бірегей желілік мекенжай енгізілгені көрсетіледі, бұл «тыйым бар, бірақ заңсыз сегмент тұрақты мониторингті қажет етеді» деген құқық қолдану дилеммасын нақтылайды (<https://www.gov.kz/>).

Превенция тұрғысынан Қазақстанда өзін-өзі шектеу тетігінің цифрландырылуы да назар аударарлық: мемлекеттік органдар мен eGov арналарында eGov Mobile арқылы азаматтардың құмар ойындар мен бәс тігуге қатысуын 10 жылға дейін шектеу мүмкіндігі бар екені хабарланған

(<https://www.gov.kz/>). Бұл механизм кәметке толмағандарға тікелей арналмаса да, жауапты ойын саясатының институционалдық элементі ретінде, сондай-ақ отбасылық, әлеуметтік алдын алу жұмыстарының контекстінде маңызды. Бұған қоса, Қазақстанда заңсыз ойын бизнесі мен құмар ойындарға тәуелділікке қарсы саясатты жүйелеуге бағытталған стратегиялық-құқықтық құжаттарда тұрақты қатысушылар санын кезең-кезеңімен азайту сияқты мақсатты индикаторлардың қойылуы мемлекеттік саясаттың «сандық мақсаттарға» сүйенетінін көрсетеді.

Отандық әдебиеттерде онлайн-гемблинг көбіне криминологиялық тәуекелдермен (алаяқтық, ақша жылыстату, заңсыз кәсіп) байланыстырыла отырып талданады. Б.Р. Таубаев цифрлық платформалардың ерекшеліктері қылмыстылық тәуекелдерін күшейтетінін және қолданыстағы реттеу нормалары онлайн кеңістіктің трансшекаралық табиғатын толық ескере бермейтінін көрсетіп, заңнаманы халықаралық стандарттарды есепке ала отырып жетілдіру қажеттігін негіздейді (Таубаев және т.б., 2025, б.177). Ал Б.А. Сериев және т.б. лудоманияны әлеуметтік-құқықтық проблема ретінде қарастырып, профилактиканы құқықтық шектеулермен ғана емес, әлеуметтік қолдау және ведомствоаралық үйлестірумен ұштастыру керектігін атап өтеді; мақалада құқықтық, әлеуметтанулық және саясаттанулық тәсілдерді біріктіретін пәнаралық талдау қолданылғаны көрсетіледі (Сериев және т.б., 2025, б.48). Лудомания мәселелері бойынша еңбектерде, қазақстандық ғалымдар ғылыми-зерттеу нәтижелерін құқық қорғау органдары мен заңнамалық процесс барысында, әлеуметтік қызметтер жұмысына сұраныс тудыруы мүмкін екендігін, сондай-ақ әлеуметтік қызметтер алынған деректерді тәуекел топтарын анықтау және қолдау, ең осал тұрғын топтарын қорғауға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу үшін пайдалана алатындығын жеткізген. Сондай-ақ, лудоманияның әлеуметтік-экономикалық салдарын түсіну Қазақстандағы ойын бизнесінде жауапты тәжірибелерді қалыптастыру мен енгізуге ықпал етуі мүмкіндігін қарастырған (Бурибаев, 2024, б.17).

ТМД елдеріндегі зерттеулерде жасөспірімдер мәселесі көбіне заңсыз ойын бизнесіне тартуға қарсы қылмыстық-құқықтық құралдар, құмар ойын қызметін жалпы құқықтық реттеу, мемлекеттік бақылау тетіктері тұрғысынан көтеріледі. Мысалы, кәметке толмағандарды заңсыз ойын бизнеске тарту үшін қылмыстық жауапкершілік

мәселесін арнайы қарастырып, рөлдерге қарай дифференциацияланған тәсіл ұсынатын зерттеулер бар, бұл Қазақстандағы әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық құралдарды салыстыруға методологиялық база береді (Беристенов, 2024, р.59). Өзбекстан контекстінде азартты ойындарды құқықтық реттеу мен санкциялар жүйесіне назар аударған мақалалар да кездеседі, олар салыстырмалы бөлімде «реттеу архитектурасын» көрсетуге ыңғайлы (Абдужабборов, 2025, б.120). Қырғызстанда ойын қызметті мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздері туралы ресми нормативтік құжаттардың ашық жариялануы да салыстырмалы-құқықтық талдауға мүмкіндік береді (<https://cbd.minjust.gov.kg/>).

Жинақталған әдебиеттер жасөспірімдердегі онлайн-гемблингтің көпфакторлы екенін, маркетинг пен цифрлық ортадағы нормализацияның тәуекелді күшейтетінін және нәтижені бағалау өлшеу құралдарына тәуелді екенін көрсетеді. Қазақстан контекстінде құқықтық тыйым мен бақылау рәсімдері бар болғанымен, заңсыз ресурстардың тұрақты анықталуы және бұғаттау тәжірибесі онлайн сегменттің «қалқымалы» сипатын айғақтайды. Сонымен бірге отандық ғылыми кеңістікте дәл жасөспірімдердің онлайн-гемблингіне қатысты жүйелі эмпирикалық мониторинг пен құқықтық құралдардың тиімділігін бағалауға бағытталған зерттеулер жеткіліксіз, қолда бар еңбектер көбіне жалпы лудомания, жалпы онлайн тәуекелдер немесе криминологиялық қырмен шектеледі. Жоғарыда аталған жайттар зерттеудің өзекті екендігін көрсетеді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Осы зерттеуде Қазақстандағы кәметке толмағандарды онлайн-гемблингтен қорғауға қатысты құқықтық реттеу үш дерек көзі арқылы талданды: ұлттық заңнама мен оған ілеспе нормативтік актілер, уәкілетті органдардың ресми жарияланымдары мен статистикалық сипаттағы мәліметтері, сондай-ақ шетелдік және ТМД елдерінің реттеу тәжірибесі жөніндегі ғылыми еңбектер мен саясат құжаттары. Жүргізілген талдау бірнеше өзара байланысты қорытынды шығаруға мүмкіндік берді. Қазақстанда құмар ойын қатынастары жалпы деңгейде құқықтық реттеумен қамтылған және кәметке толмағандарды қорғауға бағытталған шектеу логикасы бар. Заңнамада құмар ойынға қатысу жасы, ойын қызметін ұйымдастыру тәртібі және заңсыз онлайн-қызметке тосқауыл қою шаралары

сияқты базалық нормалар орныққан. Бұл құқықтық негіз жасөспірімдерді қорғауды мақсат еткенімен, онлайн ортаға тән тәуекелдер – анонимділік, жылдам төлем, платформалардың шекарааралық сипаты – нормалардың практикалық орындалуын құқық қолдану тетіктерінің сапасына тәуелді етеді.

Ресми деректер онлайн-кеңістіктегі заңсыз гемблинг инфрақұрылымының белсенді екенін және мемлекеттің жауап ретінде мониторинг пен бұғаттау шараларын қолданатынын көрсетеді. Уәкілетті орган интернет-казино белгілері бар ресурстарды анықтау, тізімдеу және қолжетімділікті шектеу бойынша тұрақты жұмыс жүргізетінін жариялайды. Бұл құқықтық шектеулердің қолданылып отырғанын көрсеткенімен, онлайн кеңістікте «айна сайттар» (mirror site) мен түрлі техникалық айналып өту тәсілдері бар болғандықтан, заңсыз ресурстарға қарсы шаралар үнемі қайталанып отыруға мәжбүр екенін аңғартады. Соның салдарынан бақылау жұмысы бір реттік шешім емес, тұрақты әрі үздіксіз жүргізілетін процесс сипатында қалып қояды. Талдау жасөспірімдерді қорғаудағы осал буындардың бірі ретінде онлайн ортадағы жасқа байланысты верификация механизмдерінің тиімділігі мәселесін айқындады. Заңнамада жас шегі жалпы қағида ретінде бекітілгенімен, нақты онлайн-платформаларда жасын дәлелдеуді міндеттейтін стандарттар, тексеру деңгейлері және олардың орындалуын бақылау құралдары жеткілікті жүйеленбесе, жасөспірімдердің жасқа шектеуі бар өнімдерге жанама жолдар арқылы қол жеткізу тәуекелі сақталады. Сондықтан құқықтық шектеудің пәрменділігі тек норманың мазмұнына емес, оның орындалуын қамтамасыз ететін нақты рәсімдер мен техникалық-ұйымдастырушылық талаптарға да тәуелді.

Жарнама мен цифрлық маркетингтің әсері өз алдына бөлек фактор ретінде көрінеді. Мұнда мәселе «жарнаманы шектеу» нормасының формалды бар-жоғына ғана тірелмейді, бастысы – онлайн кеңістіктегі жарнаманың жаңа формаларының жас аудиторияға ықпал ету мүмкіндігі. Әлеуметтік желідегі кіріктірілген жарнама, инфлюенсерлік интеграциялар, спорт контентімен байланысқан промо, бонус/акция механикалары сияқты құралдар дәстүрлі жарнама арналарына қарағанда бақылауды күрделендіреді. Осы себепті қолданыстағы шектеулер негізінен классикалық арналарға бейімделген жағдайда, жаңа медиа ортадағы ықпал ету арналары құқықтық бақылаудан жартылай тыс қалып қоюы мүмкін.

Қазақстанда превенциялық тетіктердің ішінде өзін-өзі шектеу механизмінің цифрландырылғаны байқалады. Бұл құрал тәуелділік тәуекелі бар ересектерді қорғауға ықпал етуі мүмкін, алайда кәметке толмағандарды тікелей қорғаудың негізгі тетігі ретінде оның әсері жанама сипатта қалады. Жасөспірімдерге қатысты қорғаныс логикасы көбіне қолжетімділікті бастапқы кезеңде болдырмауға бағытталуы тиіс: жасқа верификация, жарнама мен промоны шектеу, платформалық бақылау және төлем арналары арқылы бақылау сияқты құралдар осы мақсатқа көбірек сәйкес келеді.

Салыстырмалы талдау шетелдік тәжірибеде кәметке толмағандарды қорғау тек тыйым салу логикасымен шектелмей, кешенді «зиянды азайту» жиынтығы арқылы жүргізілетінін көрсетеді. Мұндай жиынтықтың құрамына қатаң age verification стандарттары, жарнаманы реттеудің кеңейтілген режимі, өнім параметрлеріне лимиттер, операторлардың «қауіпсіз ойын» бойынша міндеттемелері, сондай-ақ комплаенс талаптары кіреді. Қазақстанда бұл құралдардың жекелеген элементтері болғанымен, оларды жасөспірімдерге бағытталған тұтас қорғаныс контуры ретінде бір-бірімен үйлестіру қажеттігі айқындалады.

Жүргізілген талдау Қазақстандағы маңызды ғылыми-тәжірибелік олқылықты да көрсетеді: жасөспірімдер арасында онлайн-гемблингтің таралуы, жарнама әсері, онлайн-верификацияның нақты тиімділігі сияқты мәселелер жөнінде жүйелі ұлттық эмпирикалық база шектеулі. Мұндай жағдай құқықтық реттеудің тиімділігін дәлелдемелік тұрғыдан бағалауды әлсіретіп, реттеуді жетілдіру жөніндегі шешімдердің көбіне жалпы бағалау деңгейінде қалуына әкелуі мүмкін. Сондықтан құқықтық жаңғыртумен қатар, жас топтары бойынша тәуекел көрсеткіштерін жинау мен талдауды институционалдандыру реттеудің сапасын арттыратын маңызды шарт ретінде көрінеді.

Қазақстанда кәметке толмағандарды онлайн-гемблингтен қорғауға бағытталған құқықтық негіз қалыптасқанымен, онлайн ортаның табиғаты бұл қорғаныстың тиімділігін төмендететін тәуекелдер тудыратынын көрсетті. Бұл қорытынды халықаралық әдебиетте орныққан пікірмен үндес: жасөспірімдер арасында онлайн құмар ойындар заңмен шектелсе де, олардың таралуы сақталып қалады, ал көрсеткіштердің құбылуы өлшеу құралдарының әртүрлілігімен және зерттеу контекстімен байланысты болады (Montiel, 2021, б. 750). Сондықтан мәселені тек

«тыйым бар/жоқ» деңгейінде емес, тыйымды іске асыратын нақты механизмдердің сапасы мен орындалуын қамтамасыз ететін институттардың тиімділігі арқылы бағалау қажет.

Зерттеулер жасөспірімдердің гемблингке тартылуын көп факторлы құбылыс ретінде түсіндіреді: әлеуметтік орта, отбасылық бақылау, құрдастар ықпалы, психологиялық ерекшеліктер және тәуекел мінез-құлықтың басқа түрлерімен қатар жүруі проблемалық гемблинг ықтималдығын арттырады (Calado, 2017, б. 400). Мұндай тәсіл құқықтық талқылауға маңызды түзету енгізеді кәмелетке толмағандарды қорғау саясаты жасөспірімді тек құқық бұзушы ретінде емес, ықпалға тез берілетін, қорғанысты қажет ететін осал топ ретінде қарастыруға тиіс. Осы тұрғыдан алғанда онлайн ортада «нормализация» құбылысы айрықша мәнге ие: құмар ойындардың күнделікті цифрлық контентке айналуы, жеңіл табыс мәдениетінің таралуы және ойын өнімдерінің үнемі қолжетімді болуы тәуекелді күшейтеді (Montiel, 2021, б.750).

Зерттеу нәтижелерінде жарнама мен цифрлық маркетингтің жеке фактор ретінде бөлінуі осы ғылыми логикамен сәйкес келеді. Мұнда мәселе «жарнаманы шектеу» нормасының формалды бар-жоғына ғана тірелмейді, негізгі қауіп онлайн кеңістіктегі ықпал ету арналарының күрделенуіне байланысты. Жүйелі шолулар жасөспірімдер мен жастардың құмар ойын жарнамасына жиі ұшырайтынын және мұндай экспозиция ойынға қатысуды қалыпты нәрсе ретінде қабылдауға ықпал етіп, тәуекелді ұлғайтатынын көрсетеді (Labrador, 2021, б. 150). Бұған қоса, интернет-маркетингтің жаңа формалары – инфлюенсерлік интеграциялар, таргетинг, әлеуметтік желідегі кіріктірілген промо, бонус және акция арқылы ынталандыру – дәстүрлі жарнамаға қарағанда құқықтық бақылауды қиындатады (Guillou-Landreat, 2021, б.5). Демек, Қазақстанда кәмелетке толмағандарды қорғау режимі классикалық жарнама арналарына ғана емес, жаңа медиадағы «жасырын» ықпал ету формаларына да бейімделуі керек.

Алынған нәтижелердегі ең осал буындардың бірі ретінде age verification-КҮС механизмдерінің жеткілікті жүйеленбеуі көрінді. Заңнамада жас шегі жалпы қағида ретінде бекітілгенімен, оны онлайн-платформалар деңгейінде іске асыратын стандарттар, тексеру деңгейлері және орындалуын бақылау тетіктері нақты регламенттелмеген жағдайда жасөспірімдердің жанама жолдар арқылы қол жеткізу

тәуекелі сақталады. Бұл тұста өлшеу мен мониторингтің сапасы да маңызды: жасөспірімдер гемблингін әртүрлі шкалалармен бағалау салыстырмалы талдауды қиындатады және құқықтық шаралардың тиімділігін дәлелдемелік тұрғыдан өлшеуге кедергі келтіреді. Жасөспірімдер үшін қолданылатын индекстердің валидтілігіне арналған зерттеулер скрининг құралдарын дұрыс тандаудың және біріздендірудің саясат нәтижесін бағалауда шешуші екенін көрсетеді (Turner, 2018, б. 523). Осы талдаулар негізінде Қазақстан үшін практикалық қорытынды шығады: жас топтары бойынша ұлттық мониторинг құралдары бірізді болмаса, реттеуді жетілдіру жөніндегі шешімдер көбіне жалпы бағалау деңгейінде қалып қоюы мүмкін.

Қазақстанда заңсыз онлайн ресурстарды анықтау және бұғаттау тәжірибесінің жүргізілуі мемлекет тарапынан қарсы іс-қимылдың бар екенін көрсетеді. Алайда, онлайн ортада айна сайттар мен техникалық айналып өту мүмкіндіктері бұғаттауды «үздіксіз қарсы әрекет» режиміне айналдыратыны байқалады. Бұл жағдайда құқықтық саясаттың өзегі бұғаттаумен ғана шектелмей, тәуекелді төмендететін толық экожүйелік тәсілге ауысуы тиіс. Халықаралық тәжірибеде кәмелетке толмағандарды қорғау көбіне «зиянды азайту» қағидатымен іске асады: қатаң жас верификациясы, маркетингті кеңейтілген режимде реттеу, өнім параметрлеріне шектеулер, операторлардың safer gambling міндеттемелері және комплаенс талаптары қатар қолданылады. Мұндай тәсіл проблеманы тек сайт деңгейінде емес, бүкіл нарықтық және технологиялық инфрақұрылым деңгейінде басқаруға бағытталғандықтан, Қазақстан үшін де әдіснамалық бағдар ретінде маңызды.

Қазақстандағы өзін-өзі шектеу механизмінің цифрландырылуы профилактика философиясына жақын қадам екенін атап өткен жөн, бірақ ол кәмелетке толмағандарды тікелей қорғаудың негізгі құралы бола алмайды, өйткені бұл құрал көбіне ересек тәуекел тобына арналған. Ал жасөспірімдерге қатысты тиімді қорғаныс логикасы қолжетімділікті бастапқы кезеңде болдырмауға, яғни age verification стандарттарын күшейтуге, жарнама мен промоны шектеуге, платформалық бақылауға және төлем арналары арқылы заңсыз нарыққа тосқауыл қоюға сүйенуі тиіс. Бұл пікір профилактиканың көпдеңгейлі болуы қажеттігін дәлелдейтін зерттеулермен де қабысады: бағдарламалар ақпараттандырумен ғана шектелмей, мектеп, отбасы және қоғам деңге-

йіндегі жүйелі интервенцияны, ерте скринингті және ұзақмерзімді бағалауды қамтуы керек (Bartolomé-Moreno, 2023, б. 4).

Отандық құқықтанушылардың еңбектері мәселенің қосымша қырын күшейтеді: онлайн-гемблинг әлеуметтік тәуекелмен қатар криминалогиялық тәуекелдерді де арттырады, өйткені цифрлық платформалар трансшекаралық төлемдермен, көлеңкелі айналыммен және алаяқтық тәуекелдерімен ұштасады (Таубаев, 2025, б. 4). Бұл жағдай кәмелетке толмағандарды қорғауды тек әкімшілік шектеу немесе тәрбиелік шара ретінде емес, құқықтық қауіпсіздік пен құқық қолданудың тиімділігі мәселесі ретінде қарастыруды талап етеді. Профилактикада ведомствоаралық үйлестіру, құқықтық шектеулер және әлеуметтік қолдау шараларын ұштастыру қажеттігі жөніндегі тұжырымдар да Қазақстан үшін өзекті (Сериев, 2025, б. 47)

Осылайша, талқылаудың түйіні Қазақстанда құқықтық база бар болғанымен, онлайн ортаның ерекшеліктері оны орындауды қиындататынын, сондықтан кәмелетке толмағандарды қорғау үшін құралдарды өзара байланысқан жүйеге айналдыру керектігін көрсетеді. Бұл жүйеде age verification стандарттарын нақтылау, жаңа медиадағы жарнама мен промоға бақылауды күшейту, заңсыз нарыққа қарсы бұғаттауды төлем арналары мен платформалық комплаенспен толықтыру, сондай-ақ жас топтары бойынша мониторингті біріздендіріп, дәлелдемелік саясатқа көшу негізгі бағыттар ретінде айқындалады.

Қорытынды

Зерттеу Қазақстанда кәмелетке толмағандарды онлайн-гемблингтен қорғауға бағытталған құқықтық негіз бар екенін көрсетті. Дегенмен, онлайн ортаның ерекшеліктері бұл қорғаудың тиімділігін төмендететін тәуекелдерді күшейтеді: қолжетімділіктің жеңілдігі, төлем операцияларының жылдамдығы, платформалардың шекарааралық сипаты және анонимділік жас сәсірімдердің жас шегіне қатысты шектеулерді жанама жолдармен айналып өту мүмкіндігін арттырады. Талдау нәтижелері ең әлсіз буындардың бірі ретінде жасқа байланысты верификация механизмдерінің толық жүйеленбеуін айқындады. Жас шегі қағида ретінде бекітілгенімен, оны онлайн платформаларда міндетті түрде қамтамасыз ететін нақты стандарттар мен бақылау рәсімдері жеткіліксіз болған жағдайда,

кәмелетке толмағандарды қорғау тұрақсыз сипат алады. Сонымен қатар ресми деректер заңсыз онлайн ресурстардың белсенді екенін және мониторинг пен бұғаттау шараларының тұрақты қолданылатынын көрсеткенімен, техникалық айналып өту тәсілдері бұл қарсы іс-қимылды үздіксіз процесс ретінде қалдырады.

Жарнама мен цифрлық маркетингтің ықпалы да маңызды қорытынды ретінде көрінеді. Әлеуметтік желідегі кіріктірілген жарнама, инфлюенсерлік промо, спорт контентімен байланысқан бәс тігу мәдениеті және бонус-акциялық ынталандырулар жас аудиторияға ықпал етудің күрделі арнасына айналып, дәстүрлі бақылау тәсілдерінің мүмкіндігін шектейді. Сондықтан, кәмелетке толмағандарды қорғау тек формалды жас шегімен шектелмей, дәл осы ықпал ету арналарына бағытталған шектеулермен толықтырылуы қажет. Жалпы алғанда, Қазақстанда бар тетіктерді өзара байланысқан жүйеге айналдыру өзекті. Мұндай жүйе жасқа верификацияны нақтылау мен күшейтуге, цифрлық жарнама және промо арналарын құқықтық тұрғыдан қатаң реттеуге, заңсыз нарыққа қарсы шараларды тек бұғаттаумен шектемей, төлем арналары мен платформалық комплаенс арқылы толықтыруға, сондай-ақ профилактиканы білім беру және әлеуметтік саясат құралдарымен үйлестіруге сүйенуі тиіс. Сонымен бірге жас топтары бойынша деректерді тұрақты жинау мен талдауды жолға қою құқықтық шешімдердің дәлелдемелік негізін күшейтіп, реттеудің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Қорғау тетіктерін күшейтудің маңызды шарты ретінде операторлар мен жарнама таратушылардың жауапкершілік стандарттарын нақтылау және орындамаған жағдайда қолданылатын санкцияларды құқық қолдану практикасына «жұмыс істейтін» деңгейде енгізу қарастырылады. Онлайн кеңістіктегі бақылау тек контентті бұғаттаумен шектелмей, төлем транзакцияларын сүзгілеу, қаржылық делдалдардың комплаенс міндеттемелерін күшейту және заңсыз операторларға қызмет көрсетуді шектеу сияқты құралдармен толыққанда нәтижелірек болуы ықтимал. Жасөспірімдерге бағытталған превенцияны институционалдандыру да өзекті: мектептерде медиасауат және тәуекел мінез-құлықтың алдын алу модульдерін енгізу, ата-аналарға арналған ақпараттық-құқықтық нұсқаулықтарды жүйелеу және ерте анықтау жолдарын күшейту қажет. Құқық қорғау, білім беру, денсаулық сақтау және цифрлық қауіпсіздік органдары

арасындағы ведомствоаралық үйлестіру реттеудің үзік-үзік емес, кешенді сипатын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар интернет-платформалар мен әлеуметтік желілермен өзара іс-қимылдың құқықтық негізін нақтылау, жас аудиторияға бағытталған таргетинг пен «жасырын» жарнамаға қарсы талаптарды күшейту маңызды. Ақырында, ұлттық деңгейде бірыңғай мониторинг индикаторларын қалыптастырып, жас санаттары бойынша ашық статистиканы жүйелі жариялау заңнамалық өзгерістердің нәтижесін өлшеуге және тиімді құралдарды уақытылы түзетуге мүмкіндік береді.

Авторлардың үлесі

Г.Ж. Османова: тұжырымдама жасау, әдіс-тәмені әзірлеу, зерттеу жүргізу, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу. Ж.Ю. Сайлибаева: деректерді жинау және өңдеу, формалды талдау, көрнекі материалдарды дайындау, мәтінді редакциялау және толықтыру. Э.П. Кенжибекова: ғылыми жетекшілік, жобаны басқару, мәтінді ғылыми редакциялау. Б.Х. Төлеубекова: нәтижелерді валидациялау, зерттеу нәтижелерін талқылау және интерпретациялау, мәтінді редакциялау және толықтыру.

Әдебиеттер

Bartolomé-Moreno, C., Cortés-Montávez, P., Acon, E., et al. (2023). Preventive gambling programs for adolescents and young adults: A systematic review. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 20 (6), 4691.

Calado, F., Alexandre, J., & Griffiths, M. D. (2017). Prevalence of adolescent problem gambling: A systematic review of recent research. *Journal of Gambling Studies*, 33(2), 397–424. <https://doi.org/10.1007/s10899-016-9627-5>

Department for Culture, Media and Sport. (2023). *High stakes: Gambling reform for the digital age* (White paper). UK Government.

Guillou-Landreat, M., Gallopel-Morvan, K., Lever, D., Le Goff, D., Le Reste, J.-Y., & Grall-Bronnec, M. (2021). Gambling marketing strategies and the internet: What do we know? A systematic review. *Frontiers in Psychiatry*, 12, 583817. <https://doi.org/10.3389/fpsy.2021.583817>

Labrador, F. J., Vallejo-Achón, M., Valenciano-Mendoza, E., Fernández-Arias, I., & Sánchez-Iglesias, I. (2021). Exposure of adolescents and youth to gambling advertising: A systematic review. *Anales de Psicología*, 37(1), 149–160. <https://doi.org/10.6018/analesps.428921>

Montiel, I., Ortega-Barón, J., Basterra-González, A., González-Cabrera, J., & Machimbarrena, J. M. (2021). Problematic online gambling among adolescents: A systematic review about prevalence and related measurement issues. *Journal of Behavioral Addictions*, 10(3), 566–586. <https://doi.org/10.1556/2006.2021.00042>

Абдужабборов, Ж. П. (2025). Правовые аспекты регулирования и организации азартных игр в Узбекистане. *Central Asian Journal of Academic Research*, 3(5, Part 3), 119–123. <https://doi.org/10.5281/zenodo.15480568>

Беристенов, С.О. (2024). Проблемы предупреждения привлечения несовершеннолетних к незаконной организации и проведению азартных игр. *Журнал правовых исследований*, 9(1). <https://www.tadqiqot.uz/index.php/law/article/view/8980>

Бурибаев Е.А., Хамзина Ж.А. (2024) Аналитический обзор исследований по проблемам зависимости от азартных игр // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Юриспруденция» сериясы, №2(76), 2024. – Б. 11-22. DOI: 10.51889/2959-6181.2024.76.2.001

Интернет-казино белгілері бар ресурстар тізімі жаңартылды. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі. <https://www.gov.kz/memleket/entities/olr/press/news/details/>

Қазақстан Республикасында заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024–2026 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы (№ 432 қаулы). Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2024, 31 мамыр). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000432>

Министерство культуры и спорта Республики Казахстан. (2021, 10 сентября). *Об утверждении Правил осуществления систематического сбора информации и анализа содержания интернет-ресурсов на предмет наличия признаков интернет-казино, иностранных букмекерских контор и (или) тотализаторов, не имеющих лицензий на право занятия деятельностью в сфере игорного бизнеса в Республике Казахстан* (Приказ № 282). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100024320>

Ойын бизнесі туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №219 Заңы.

Положение о государственном регулировании игорной деятельности в Кыргызской Республике (Приложение 1 к постановлению № 440 «О некоторых вопросах в сфере игорной деятельности в Кыргызской Республике»). Кабинет Министров Кыргызской Республики. (2022, 1 августа). <https://cbd.minjust.gov.kg/159404/edition/1243669/ru>

Сериев Б.А., Толеген М.А., Таубаев Б.Р. (2025) Лудоманияның алдын алу: мемлекеттік саясат пен құқықтық реттеудің өзекті мәселелері // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы. -№3 (152) /2025.- Б.46-62. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-152-3-46-62>

Таубаев Б., Сериев Б., Иссахов Б. (2025). Азартные игры в цифровую эпоху и криминологические проблемы преступлений в сфере онлайн-гемблинга // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва. Серия «Право», 150 (1), Б. 176–190. <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-150-1-176-190>

References

- Bartolomé-Moreno, C., Cortés-Montávez, P., Acon, E., et al. (2023). Preventive gambling programs for adolescents and young adults: A systematic review. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 20 (6), 4691.
- Calado, F., Alexandre, J., & Griffiths, M. D. (2017). Prevalence of adolescent problem gambling: A systematic review of recent research. *Journal of Gambling Studies*, 33(2), 397–424. <https://doi.org/10.1007/s10899-016-9627-5>
- Department for Culture, Media and Sport. (2023). High stakes: Gambling reform for the digital age (White paper). UK Government.
- Guillou-Landreat, M., Gallopel-Morvan, K., Lever, D., Le Goff, D., Le Reste, J.-Y., & Grall-Bronnec, M. (2021). Gambling marketing strategies and the internet: What do we know? A systematic review. *Frontiers in Psychiatry*, 12, 583817. <https://doi.org/10.3389/fpsy.2021.583817>
- Labrador, F. J., Vallejo-Achón, M., Valenciano-Mendoza, E., Fernández-Arias, I., & Sánchez-Iglesias, I. (2021). Exposure of adolescents and youth to gambling advertising: A systematic review. *Anales de Psicología*, 37(1), 149–160. <https://doi.org/10.6018/analesps.428921>
- Montiel, I., Ortega-Barón, J., Basterra-González, A., González-Cabrera, J., & Machimbarrena, J. M. (2021). Problematic online gambling among adolescents: A systematic review about prevalence and related measurement issues. *Journal of Behavioral Addictions*, 10(3), 566–586. <https://doi.org/10.1556/2006.2021.00042>
- Abduzhabborov, Zh. P. (2025). Pravovye aspekty regulirovaniya i organizatsii azartnyh igr v Uzbekistane. *Central Asian Journal of Academic Research*, 3(5, Part 3), 119–123. <https://doi.org/10.5281/zenodo.15480568>
- Beristenov, S.O. (2024). Problemy preduprezhdeniya privilecheniya nesovershennoletnih k nezakonnoj organizatsii i provedeniju azartnyh igr. *Zhurnal pravovyh issledovanij*, 9(1). <https://www.tadqiqot.uz/index.php/law/article/view/8980>
- Buribaev E.A., Hamzina Zh.A. (2024) Analiticheskij obzor issledovanij po problemam zavisimosti ot azartnyh igr // Abaj atyndary QazYPU-niñ Habarshysy, «Jurisprudencija» serijasy, №2(76), 2024. – B. 11-22. DOI: 10.51889/2959-6181.2024.76.2.001
- Internet-kazino belgileri bar resurstar tizimi zhañartyldy. Qazaqstan Respublikasy Turizm zhəne sport ministrligi. <https://www.gov.kz/memleket/entities/olr/press/news/details/>
- Qazaqstan Respublikasynda zañsyz ojnyn biznesi men ludomanijara qarsy is-qimyl zhənindegi 2024–2026 zhyldarfa arnalğan keshendi zhospardy bekitu turaly (№ 432 қаулы). Qazaqstan Respublikasy Ykimeti. (2024, 31 мамыр). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000432>
- Ministerstvo kul'tury i sporta Respubliki Kazahstan. (2021, 10 sentjabrja). Ob utverzhdenii Pravil osushhestvleniya sistemacheskogo sbora informatsii i analiza sodержaniya internet-resursov na predmet nalichija priznakov internet-kazino, inostrannyh bukmekerskih kontor i (ili) totalizatorov, ne imejushih licenzij na pravo zanjatija dejatel'nost'ju v sfere igornogo biznesa v Respublike Kazahstan (Prikaz № 282). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100024320>
- Ojnyn biznesi turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2007 zhylygy 12 qantardary №219 Zañy.
- Polozhenie o gosudarstvennom regulirovanii igornoj dejatel'nosti v Kyrgyzskoj Respublike (Prilozhenie 1 k postanovleniju № 440 «O nekotoryh voprosah v sfere igornoj dejatel'nosti v Kyrgyzskoj Respublike»). Kabinet Ministrov Kyrgyzskoj Respubliki. (2022, 1 avgusta). <https://cbd.minjust.gov.kg/159404/edition/1243669/ru>
- Seriev B.A., Tolegen M.A., Taubaev B.R. (2025) Ludomanijanyñ aldyn alu: memlekettik sajasat pen qylyqtuq retteudin ozekti meseleleri // L.N.Gumilev atyndary Eurazija ultiq univertsitetiniñ Habarshysy. Qylyqtuq serijasy. -№3 (152) /2025.-B.46-62. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-152-3-46-62>
- Taubaev B., Seriev B., Issahov B. (2025). Azartnye igry v cifrovuju jepohu i kriminologicheskie problemy prestuplenij v sfere onlajn-gemblinga // Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L.N. Gumiljova. Serija «Pravo», 150 (1), B. 176–190. <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-150-1-176-190>

Автор туралы мәлімет:

Османова Гулайна Жалалыевна (корреспондент автор) – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Тарих және құқық факультетінің «Құқықтану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: gulaina.78@mail.ru).

Сайлибаева Жанель Юрсуновна – заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Тарих және құқық факультетінің «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі (Алматы, Қазақстан, e-mail: zhanel.sailibaeva@mail.ru).

Кенжибекова Эльмира Полатовна – заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Тарих және құқық факультетінің «Құқықтану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: danaestai@mail.ru).

Толубекова Бахтжан Хасеновна – заң ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Тарих және құқық факультетінің «Құқықтану» кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: madina_khv@mail.ru).

Information about author:

Osmanova Gulaina (corresponding autor) – PhD, Acting Associate Professor, associate Professor of the Department of «Jurisprudence» of the Faculty of history and law of the Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulaina.78@mail.ru).

Sailibayeva Zhanel Yursunovna – candidate of Legal Sciences, Acting Associate Professor, Head of the Jurisprudence Department, Faculty of History and Law, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhanel.sailibayeva@mail.ru).

Kenzhibekova Elmira Polatovna – candidate of Legal Sciences, Acting Associate Professor, Associate Professor of the Jurisprudence Department, Faculty of History and Law, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: danaestai@mail.ru).

Toleubekova Bakitzhan – doctor of legal sciences, professor, Professor of the Department of «Jurisprudence» of the Faculty of history and law of the Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: madina_khv@mail.ru).

Сведения об авторах:

Османова Гулаина (ответственный автор) – PhD, исполняющий обязанности доцента, доцент кафедры юриспруденции факультета истории и права Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: gulaina.78@mail.ru).

Сайлыбаева Жанель Юрсұновна – кандидат юридических наук, исполняющий обязанности доцента, заведующая кафедрой юриспруденции факультета истории и права Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: zhanel.sailibayeva@mail.ru).

Кенжибекова Эльмира Полатовна – кандидат юридических наук, исполняющий обязанности доцента, доцент кафедры юриспруденции факультета истории и права Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: danaestai@mail.ru).

Толубекова Бакытжан – доктор юридических наук, профессор, профессор кафедры юриспруденции факультета истории и права Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: madina_khv@mail.ru).

Тіркелді: 11.01.2026
Қабылданды: 20.03.2026